

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Заманауи әлемдегі педагог

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/29811/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жунусова Айжанат Маркеновна

Гүлденген әлемнің ішіндегі ең бір ғажайып орта арасында жұмыс істеудемін. Ол балалардың кішкентай сыңғырлаған күміс күлкісіне, былдырлап бұрмалап сөйлеген балдай тәтті сөздеріне, құлаққа жағымды естіліп жүрген дауыстарына толы балабақша десем жаңылмас едім. Осы өмірдегі бақытым-жүрек қалауымен ұстаз болуым. Ұстаз жайғана мамандық емес өмірге із тартушы, білім бағытын болашақ жас ұрпаққа жеткізетін, адам бағдарын жасаушы тұлға. Мына өмірдің мәні де, сәні де, қызығы да, шұжығы да сәбилерден басталады. Бала мына өмірдің гүлі, отбасы дәнекері, ана ғұмырының жалғасы, ең бастысы біздің қоғамымыздың алға қарай дамытушы болашағы. Сондықтан да сәбилерімізді болашақ жас ұрпағымызды заман талабына сай, көздің ғана емес, көңіл қуанышы етіп тәрбиелеу-басты міндет. Тәрбиеші баланы жан тәнімен сүйі керек. Балаға деген мейірімділік шыдамдылық, кешіре білу, баламен тәрбиеші тең жағдайда сырласу, бала қиялына сену, оның ойын әрқашан құлақ қоя тыңдау, оған деген шынайы сезім, жақсы ниет қалыптастыру және үнемі қолдау көрсету-бұл менің ізгі ұстанымым. Әрине, мұның бәрін педагог қолдану, осы іс-әрекетті жүзеге асыру үшін ата-ана көмегі өте зор. Педагог К.Д. Ушинскийдің «егер педагогика адамды жан-жақты тәрбиелегісі келсе, оны жан-жақты білуі керек деген» терең мағыналы сөзін жадымда сақтай отырып ата-аналармен жақсы қарым-қатынаспен тығыз байланыста болсақ, бала тәрбиелеу, білім шыңын шыңдату үшін ең алғашқы да, өмір бойы көмекші тірегі де ол ата-ана ынтымақтастығы. Бүгінгі таңда бізге, ең қажетті нәрсе заман талабына сай лайықты жас ұрпақты тәрбиелеп өсіру. Заманымыз күннен күнге дамып өркендеу үстінде. Бірақ ең алдымен тәрбиеленушілерге адамгершілік пен өз елін сүйетін ұлтжандылық қасиетін қалыптастырып, болашағына зор сеніммен қарай білетін ең жақсы қасиеттерімізді үйретіп, бала жүрегіне ыстық сезім ұялату.

Ұлағатты ұлы А. Байтұрсынов «Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол

білімді іске асыра білу дағдысы»-деп, білім мен біліктілік туралы үлкен ой айтқан. Осы ойды қозғай отырып өз іс тәжірбиемде бала тілін дамыту басты кезеңге алдым. Баланың тілі дамып сөйлеу мәнері жақсы болса онда ойлау қабілетіде тез дамып жетіледі. Сондықтан балалармен алгоритм арқылы, ойын арқылы оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясын пайдалана оқытамын. Компьютер арқылы мен ертегі қойылымын көрсете отырып, ұйымдастырылған іс –әрекетке лайықты іс-қимыл әрекетін, көру жүйесін, логикалық ойлауын дамытамын. Қуыршақ театрын ұйымдастыра отырып, ертегі кейіпкерлері рөлдеріне еніп баларды сөйлету. Бала ойын тез, әрі жылдам дамытады.

Тәрбиеші ретінде әрбір ұйымдастырылған іс –әрекетімде қандай озық технологияны игерсем де, қандай да бір әдіс — тәсілдерді қолдансам да ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдени мұраларды жадында өшпестей етіп сақтап жеке тұлға ретінде мен үшін қолдануға таптырмайтын қарапайым әдіс — тәсіл деп білемін. Сонау ХХ ғасырдың басында Ж. Аймауытов: «Сабақ беру – жай үйреншікті нәрсе емес, ол – жаңадан жаңаны табатын нәрсе» деген екен. Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық білімді талап етеді.

Психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, ұстаз бойына осы қасиетті сіңіріп отыра балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді көздейді.

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,

Сырлары көп сыртқа әлі шықпаған.

Шаршасада осы жолдың бойында,

Қандай рақат, шын бақытын тапса адам.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай бүгінгі күнде барлық ұстаздың басты ұстанымы немесе қағидасы ол « Өмір бойы білім алу» егемен елдің көшін бастаған кемеңгер елбасымызбен толық келісемін. Ұстаздың қазіргі заман талабына сай үйретер қыры мен сыры мол, жаңа өндіріске еніп даму үстінде, әр бір білім ордасында жаңа технологиялармен жұмыс қарқынды жұмыс жүргізілуде деп ойлаймын, заманнан тыс қалмай, әрбір педагог қарапайым әдіс-тәсілдерді де ұмытпағаны жөн.

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, – деген Абай атамның ұлы сөздерін ойымнан шығарған емеспін, егер әр шәкірттеріміз өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса,

ұстаздың төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе?! Шәкірттерінің білімді болуы, ұстаздың қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі – шәкіртке де, ата-анаға да, жалпы жұртшылыққа да өнеге. Қазіргі жас буын – еліміздің келер кейінгі келбеті. Заманауи әлемдегі педагог ең алдымен жан-жақты болуына өмірдің қыры мен сырын білу, тәрбиелеп жатқан балаларымызға жақсы өнегемен тәлім, тәрбие беру. Ұстаз сөзім, заманауи талапқа сай бойымдағы бар қайрат жігерімді салып, көз алдымда тәрбиеленіп жүрген бүлдіршіндерімді жігерліде, қайратты, білімді де білікті етіп шығару үшін өмір бойы ізденіп талай тер төгуге әзірмін. Өз ісіме жауапкершілікпен қарап заманауи әлемдегі педагог ретінде білімнің туын төмен түсірмеуім тиіс деген сенімдемін.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.